

# Балалар сабантойда сауық құрды

Өскемендегі облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында оқу жылының аяқталуына және балалардың сүйікті уақыты – жазғы демалысқа арналған «Балалар сабантойы-2017» мерекесі өтті.

Кітапхананың ең жас оқырмандарының құрметіне шағын мерекелік концерт қойылды. Өнерпаз бүлдіршіндер ән-биден шашу шашты. Сөз кезегін алған облыстық «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына қарасты іскер әйелдер кеңесінің мүшесі Кристина Кузнецова:

– Құрметті балалар, сендерді 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтаймын! Сондай-ақ, бұл күннің Дүниежүзілік сүт күні екенін ескере отырып, сендерге сыйлық ретінде сүт тағамдарын ұсынамыз, – деді.

Ал кітапхана басшысы Күлмария Мұқашева балаларды «Жазғы демалыс» атты қызықты кітаптың беттерін бірге ашуға шақырды.

Бүлдіршіндер жайлауда, ауылда ойын-сауық құрып, шытырман оқиғаларға толы орман, теңізге саяхат жасап, гүл алаңқайларында ән шырқады.

Жайлаудың биік төрінде алтыбақанмен аспандап, ұлттық ойындарға қатысып, құмарларынан шыққан кішкентай оқырмандар орыс ертегілеріне саяхат жасап, «Простоквашино» ауылының тіршілігімен де танысты.

Балалар Сабантойдың дүбірлі думанынан келер оқу жылына жетерлік күш-қуаттың мол қорын алып қайтты.